



**Білім беру ұйымының әдістемелік кеңесінде қаралып, қалалық  
Сараптамалық кеңеске ұсынылды. Хаттама № 2. 25. ақпан 2022 жылы.**

**Пікір берушілер:**

Ильдербаев О.З., биология және геномика кафедрасының профессоры, мғд.  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.

Зандыбай А., қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқару және инжиниринг  
кафедрасының доценті, биология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев  
атындағы Еуразия ұлттық университеті.

**Құрастырушылар:** Қошқимбаева А.С., Аштаева Г.М. Экология және біз.

3 – сыныпқа арналған факультатив курсының сабақ жоспарларының жинағы  
- Нұр-Сұлтан, 2022. - 72 б.

«Экология және біз» жинақта факультатив курсы бойынша қысқа  
мерзімді сабақ жоспарлары берілген.

Жинақ жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сынып мұғалімдеріне  
арналған.

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ</b> .....	3
<b>I. БІЗДІ ҚОРШАҒАН ОРТА</b>	
1-сабақ. Табиғи және жасанды денелер .....	5
2-сабақ. Заттардың қасиеті.....	7
3-сабақ. Табиғат құбылыстары.....	8
4-сабақ. Денелер мен заттарды салыстыру.....	10
5-сабақ. Ауа және оның қасиеті.....	12
6-сабақ. Табиғаттағы су айналымы.....	14
7-сабақ. Пайдалы қазбалар және олардың түрлері.....	17
8-сабақ. Нәтиже сабақ.....	19
<b>II. ӨСІМДІКТЕР ДҮНИЕСІ.</b>	
9-сабақ. Өсімдіктер тіршілік ететін орта.....	21
10-сабақ. Өсімдіктің адам өміріне пайдасы.....	23
11-сабақ. Қызыл кітапқа енген өсімдіктер.....	25
12-сабақ. Нәтиже сабақ.....	27
<b>III. ЖАНУАРЛАР ТІРШІЛІГІ</b>	
13-сабақ. Жануарлардың мекендеу ортасы.....	29
14-сабақ. Табиғаттағы құстар қоры.....	31
15-сабақ. Су жануарларының адам өміріне маңызы.....	32
16-сабақ. Жануарлар экологиясы.....	34
17-сабақ. Нәтиже сабақ.....	36
<b>IV. ҚОҒАМ ЖӘНЕ ТАБИҒАТ</b>	
18-сабақ. Адам мен табиғат арасындағы байланыс.....	38
19-сабақ. Табиғаттың тылсым күші.....	40
20-сабақ. Табиғатты ғылыми тұрғыдан тану әдістері.....	42
21-сабақ. Өндірістік, ауыл шаруашылығының қалдықтары және тұрмыстық қоқыстар.. ..	44
22-сабақ. Табиғаттағы тепе-теңдікті сақтау.....	46
23-сабақ. Нәтиже сабақ.....	48
<b>V. МЕНІҢ ТУҒАН ӨЛКЕМ</b>	
24-сабақ. Еркін және өркендеген елім.....	50
25-сабақ. Қазақстандағы туризм.....	53
26-сабақ. Экология жолдары.....	55
27-сабақ. Нәтиже сабақ.....	57
<b>VI. ҒАРЫШ КЕҢІСТІГІ</b>	
28-сабақ. Ғарыш әлемін зерттеу не үшін қажет?.....	59
29-сабақ. Ғарышты зерттеу және ғарыштың экологиясы.....	62
30-сабақ. Нәтиже сабақ .....	64
<b>VII. ДЕНІ САУДЫҢ ЖАНЫ САУ</b>	
31-сабақ. Қоршаған ортаның экологиясы, табиғатты қорғау.....	66
32-сабақ. Экология және адам.....	67
33-сабақ. Табиғатты аялайық!.....	68
34-сабақ. Нәтиже сабақ.....	69
<b>ПАЙДАНАЛЫНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР</b> .....	72

## КІРІСПЕ

«Экология және біз» 3-сыныптарға арналған сабақ жоспарларының жинағы факультатив курс бағдарламасының мақсатын іске асыру барысында құрастырылған. №71 мектеп-лицейінің алаңында 2019 жылдан бастап факультативтік курстың 2-сыныптарға арналған сабақ жоспарлары сынақтан өтіп жатыр.

«Экология және біз» 3-сыныптарға арналған факультатив курсына арналған жинақта қысқа мерзімді жоспар жаратылыстану және дүниетанудан алған білімдеріне сүйене отырып, қоршаған ортаны тануға қажетті теориялық, әдістемелік білім мен білікті, педагогикалық шеберлікті үйрететін құрал болып табылады.

«Экология және біз» 3-сыныптарға арналған факультатив сабақтарын оқыту әдістемесінің объектісі жаратылыстану негіздері туралы теориялық білімді, яғни қоршаған орта, ондағы заттар мен денелер, құбылыстар мен үдерістер, қоғамдық қатынастарынан бастауыш сынып оқушыларына жас ерекшеліктеріне сай білім берудің әдіс-тәсілдерін, формаларын және баланың жалпы құзіреттіліктерін қалыптастырып, жетілдірудің жолдарын меңгеруге бағытталған.

Мұғалімнің көмегімен айналадағы табиғатты зерттеу (бақылау) арқылы олардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін және оны қорғауға деген ықыласын тудыра отырып, өздері тұрған жердің табиғат айырмашылықтарын, олардың себептерін анықтайды. Сабақ барысында келешек ұрпаққа экологиялық мәдени тәрбие бере отырып, қоршаған ортаны қорғауда бала дүниетанымының қалыптасуына септігін тигізеді.

«Экология және біз» факультативтік курс бойынша сабақтарында оқушы алғашқы тірі және өлі табиғат, табиғаттағы құбылыстарды, дене мен заттар, олардың әрқайсысына тән қасиеттерін, олардың адамға қажеттілігі туралы біледі. Осындай мағлұматтарды ұғына отырып ұғымдар жүйесі қалыптасып, сөз қоры молайып, табиғат пен адамның тығыз байланыстылығын түсінеді. Сондай-ақ, сабақтарда табиғатты аялау, үнемдеумен экологиялық мәдениет қалыптасады.


Сабақ жоспарлары жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес құрастырылған. Сабақ жоспарларының құрылымында сабақтың мақсаты, сабақ нәтижесі, бағалау критерийі, ресурстар, әдіс-тәсілдер, пән аралық байланыс қазіргі қысқа мерзімді жоспарларына сәйкес келеді.



Жинақта тапсырмаларды бағалау барысында бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар ұсынылған. Жинақта білім алушылардың оқу жетістіктерін «От шашу», «Бас бармақ», «Бағдаршам» және де басқа қалыптастырушы бағалаулар бар.

Жинақта сабақ жоспарлары «Бізді қоршаған орта», «Өсімдіктер дүниесі», «Жануарлар тіршілігі», «Қоғам және табиғат», «Менің туған өлкем», «Ғарыш кеңістігі», «Дені саудың жаны сау» бөлімдері бойынша сабақ жоспарлары құрастырылған.

Құрастырылған сабақ жоспарлары оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамытады,экологиялық проблемаларды шешудегі жеке басының жауапкершілігін қалыптастырады.



<b>Сабақтың тақырыбы: Табиғи және жасанды денелер</b>		<b>Күні:</b>	
<b>СЫНЫП: 3</b>	Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспаған оқушылар саны:	
<b>Сабақ негізделген оқу мақсаттары</b>	Оқушылардың денелер мен заттар туралы білімдерін кеңейту. Денелердің табиғи және жасанды болатыны туралы түсініктерін қалыптастыру.		
<b>Сабақ нәтижесі:</b>	<p><b>Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады:</b> Оқулықта берілген тапсырмаларды орындайды. Сұраққа жауап береді.</p> <p><b>Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады:</b> Топтық жұмысты бірлесе орындайды. Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді.</p> <p><b>Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады:</b> Тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.</p>		
<b>Бағалау критерийі</b>	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.		
<b>Тілдік күзіреттілік</b>	Денелер		
<b>Ресурстар</b>	Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер.		
<b>Әдіс-тәсілдер</b>	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, тәжірибе жасау .		
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Дүниетану, жаратылыстану		
<b>Сабақтың жоспары</b>			
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Педагогтің іс-әрекеті</b>	<b>Оқушының іс-әрекеті</b>	<b>Бағалау түрлері</b>
	<p><b>Психологиялық ахуал қалыптастыру:</b>  <b>«Аялы алақан»</b>          Мақсаты: жылылық, сенімділік деңгейін, еркіндікті дамыту.          Нұсқаулық: қатысушылар шеңбер болып отырады. «Бүгінгі сабақтан не алғыңыз, не көргіңіз келеді?» — сұрағын оқушыларға қойып, сұрақтарға жауап алу. Бастапқы қатысушы жанындағы көршісінің қолын ұстайды. Тренинг шеңбер бойымен жалғасады. (Тренинг соңында қатысушылар дөңгеленіп қолдарын ұстайды)</p>	<p>Оқу мақсатымен танысады.</p> <p>Күтілетін нәтижені анықтайды.</p>	<p>Оқушылар қорапшадан өздеріне ұнайтын түске сай маркерлер алады. <b>«Аялы алақан»</b> әдісі</p>
	<p><b>Білу және түсіну</b>  <b>Берілген мәтіндерді балалар оқып алады.</b>          Табиғи денелер тірі және өлі денелерге бөлінеді. Тірі денелер қоректенеді, өніп-өседі, қартайады, өледі. Мұндай қасиеттер адамға, жануарларға, өсімдіктерге тән. Оларды <b>тірі табиғат</b> дейді.          Өлі денелер қоректенбейді, көбеймейді, өніп-өспейді. Олар <b>өлі табиғатты</b> құрайды. Олар: құм, тас, бұлт, ауа.</p>	<p>Табиғи денелер тірі және өлі денелерді топтарға бөлінетінін біледі;</p> <p>Олар өлі және тірі табиғаттың айырмашылығын біледі, мысал келтіреді.</p>	<p>Оқулық, Мәтіндер</p>
	<p><b>Қолдану</b>  <b>«Ыстық орындық»</b> орындық әдісі          (Бір оқушы алдыңғы жақта, орындықтар оны айнала қоршай орналастырылады.</p>	<p>Оқушылар сұрақ –жауап жүргізе отырып, өз білімдерін толықтырады.</p>	<p>Оқулық <b>«Ыстық орындық»</b> әдісі, сұрақтар, орындық.</p>


	 <p>Бір оқушы алға шығып өз пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір пікір бойынша бірлесіп алға шығып сөйлей алады.</p>		
Сергіту сәті 2 минут	<p><b>«Қыдырып қайтайық!»</b>  <b>би билеу</b>  <b>Тәжірибе жасау .</b>  <b>Дәптермен жұмыс</b></p>	Тәжірибе жасап, дәптермен жұмыс жасайды.	Оқушылар би билеп сергіп қалады. «От шашу»
Кері байланыс <b>Қорытындылау</b>	<p><b>Кері байланыс: «Менің сөзім» әдісі</b> бойынша өтеді.  1.Адам қолдан жасайтынның бәрі өлі табиғат.Неліктен?  2.Үйіңнен мектепке дейінгі байқалған басты-басты денелерді айт  3.Дененің қандай түрлерін білесің? Мысал айт</p>	Бүгінгі сабақта не білгенін, үйренгенін, түсінгені туралы бөліседі.	


<b>Сабақтың тақырыбы: Заттардың қасиеті</b>		<b>Күні:</b>	
<b>СЫНЫП: 3</b>	Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспаған оқушылар саны:	
<b>Сабақ негізделген оқу мақсаты</b>	Заттарды бір-бірінен қасиеті жағынан айыра білуге оқыту.		
<b>Сабақ нәтижесі:</b>	<p><b>Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады:</b> Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. . Сұраққа жауап береді.</p> <p><b>Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады:</b> Жаттығулар мен тапсырмаларды орындау арқылы, жаңа тақырып бойынша дәлелдейді, қорытынды жасайды</p> <p><b>Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады:</b> Жаңа тақырып бойынша өмірден, өз байқауларынан мысалды келтіреді, ашық сурақтарға жауап бере алады</p>		
<b>Бағалау критерийі</b>	Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.		
<b>Әдіс-тәсілдер</b>	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, тәжірибе жасау .		
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Дүниетану, жаратылыстану		
<b>Сабақтың жоспары</b>			
<b>Жоспарлан ғануақыт</b>	<b>Педагогтің іс-әрекеті</b>	<b>Оқушының іс-әрекеті</b>	<b>Бағалау түрлері</b>
	 <p>Заттар тобымен таныстыру</p>	Заттар тобымен танысып, өзіндік ерекшелікте рін атайды	«От шашу»
	<p><b>Білу және түсіну.</b> Табиғи және жасанды денелер де заттан тұрады. Мысалы: шеге, қайшы, көлік – темірден; доп, көліктің дөңгелегі, өшіргіш – резеңкеден; жаңбыр тамшысы-судан. Мұндағы шеге, қайшы, көлік – дене, темір-зат; доп , көліктің дөңгелегі, өшіргіш -дене, резеңке-зат, су тамшысы-дене, су-зат .</p> <p>Тірі денелер құрамы күрделі. Мысалы өсімдікте су, қант, крахмал және тағы басқа заттар бар. Адамдар мен жануарлардың денесі сан алуан заттардан тұрады.</p> <p>Кез келген дене заттан тұрады. Заттарды бір-бірінен қасиеті жағынан айыруға болады: ашы, серпімді, қатты, жұмсақ, тәтті</p> <p><b>Тәжірибе жасау . Дәптермен жұмыс</b></p>	Оқушылар жаңа тақырыпты оқулықтан оқып, тәжірибе жасайды және дәптермен жұмыс жасайды.	Оқулық, мәтіндер.  «От шашу»
Сергіту сәті 2 минут	<p><b>Сергіту сәті "Күміс құмған-ай"</b></p> 		Оқушылар би билеп сергіп қалады.
Кері байланыс  <b>Қорытын-дылау</b>	<p><b>Кері байланыс:</b> «Менің сөзім» әдісі бойынша өтеді.</p> <p>1. Суретте көрсетілген денелердің қандай заттан жасалғанын айт.</p> <p>2. Өртүрлі заттардан жасалған бірдей денелерді білесің бе?</p>	Бүгінгі сабақта түсінгені туралы бөліседі.	


<b>3-сабақ.</b>	<b>Мұғалімнің аты-жөні:</b>
-----------------	-----------------------------





<b>Сабақтың тақырыбы: Табиғат құбылыстары</b>		<b>Күні:</b>	
<b>СЫНЫП: 3</b>	Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспаған оқушылар саны:	
<b>Сабақ негізделген оқу мақсаттары</b>	Дене, зат және табиғи құбылыстардың өзгеруі кезіндегі өзара байланысты анықтауды үйретіп, адам ауа райы оны болжау туралы, заттар мен денелер туралы ұғым беру.		
<b>Сабақ нәтижесі:</b>	<p><b>Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады:</b> Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Сұраққа жауап береді.</p> <p><b>Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады:</b> Жаттығулар мен тапсырмаларды орындау арқылы, жаңа тақырып бойынша дәлелдейді, қорытынды жасайды</p> <p><b>Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады:</b> Жаңа тақырып бойынша өмірден, өз байқауларынан мысалды келтіреді, ашық сұрақтарға жауап бере алады</p>		
<b>Бағалау критерийі</b>	Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.		
<b>Әдіс-тәсілдер</b>	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, тәжірибе жасау .		
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Дүниетану, жаратылыстану		
<b>Сабақтың жоспары</b>			
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Педагогтің іс-әрекеті</b>		<b>Оқушының іс-әрекеті</b>
	 <p>Табиғат құбылыстарымен таныстыру</p>		<p>Оқу мақсатымен танысады.</p> <p>Күтілетін нәтижені анықтайды.</p>
	<p><b>Білу және түсіну</b> Денелер мен заттар үнемі өзгеріске ұшырап отырады. Мұндай өзгерістер тірі табиғатта да, өлі табиғатта да болады. Өсімдіктер жазда биіктеп өседі, күзде қурап қалады. Жануарлар, өседі, өнеді, өледі. Аспанды бұлт торлап, жаңбыр жауады, найзағай жарқылдап, күн күркіреді. Қыста қар жауса, көктемде ол қар ериді.</p> <div style="text-align: center;">  </div> <p>Осы табиғатта болып жатқан өзгерістің барлығы табиғат құбылыстары деп аталады. Адамдар табиғаттағы құбылыстарды бақылап отырады.</p> <p>Кемпіркосақтың пайда болуы – <b>физикалық құбылыстың</b> мысалы.</p>		<p>Оқулық, мәтіндер.</p> <p>Оқушылар жаңа тақырыпты оқулықтан оқып, тәжірибе жасайды және дәптермен жұмыс жасайды.</p>


		<p>Үңгірлердің пайда болуы – химиялық құбылыстың мысалы.</p> 		
<p>Сергіту сәті 2 минут</p>	<p>Елді сүйген баламыз, ----- Біз талапты баламыз, Білімнен нұр шашамыз. ----- Оқып - білім аламыз. Әлкей, Қаныш атадай, ----- Заттар сырын ұғынып Көп жаңалық ашамыз. ----- Ажырата аламыз.</p> <p><b>Тәжірибе жасау . Дәптермен жұмыс</b></p>			<p>Оқушылар би билеп сергиді.  «Бағдаршам»</p>
<p>Кері байланыс</p> <p><b>Қорытындылау</b></p>	<p><b>Кері байланыс:</b> «Менің сөзім» әдісі бойынша өтеді.</p> <p>Ал, балалар бүгін сабақта не үйренгендеріңді тексеріп көрейін. Бәріміз тақтаға назар аударайық.( Электрондық оқулықтан тапсырма орындау)</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Тапсырма: Денелер қандай заттардан тұрады? Жаңбыр судан, Тапсырма: Денелер қандай заттардан тұрады? Ұшак металдан</li> </ul> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Табиғи құбылыстар дегеніміз не?</li> <li>2. Жыл мезгіліне байланысты қандай құбылыстарды байқап жүрсің?</li> </ol>		<p>Бүгінгі сабақта не білгенін, үйренгенін, түсінгені туралы бөліседі.</p>	<p>«От шашу»</p>

4-сабақ. Сабақтың тақырыбы: <b>Денелер мен заттарды салыстыру</b>		Мұғалімнің аты-жөні: Күні:	
<b>СЫНЫП: 3</b>	Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспаған оқушылар саны:	
<b>Сабақ негізделген оқу мақсаттары</b>	Заттарды бір-бірінен қасиеті жағынан айыра білуге оқыту; денелер мен заттарды салыстыру.		
<b>Сабақ нәтижесі:</b>	<p><b>Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады:</b> Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. . Сұраққа жауап береді.</p> <p><b>Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады:</b> Жаттығулар мен тапсырмаларды орындау арқылы, жаңа тақырып бойынша дәлелдейді, қорытынды жасайды</p> <p><b>Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады:</b> Жаңа тақырып бойынша өмірден, өз байқауларынан мысалды келтіреді, ашық сурақтарға жауап бере алады</p>		
<b>Бағалау критерийі</b>	Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.		
<b>Әдіс-тәсілдер</b>	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, тәжірибе жасау .		
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Дүниетану, жаратылыстану		
<b>Сабақтың жоспары</b>			
<b>Жоспарланған ақыт</b>	<b>Педагогтің іс-әрекеті</b>	<b>Оқушының іс-әрекеті</b>	<b>Бағалау түрлері</b>
	<p><b>Миға шабуыл.</b> 3 шыны ыдысқа сүт, су, сұйық май әкеліп, осылардың ішінен суды табулары сұралады - Қалай таптыңдар? (оқушы пікірін тыңдау)</p> <p><b>Суды пайдалану</b> Оқушыларға жұппен немесе 3 адамнан шағын топтарға бірігіп, бірнеше суреттен жасалған коллажды талқылауды тапсыру. Олар коллаждағы суреттердің ұқсастықтарын анықтап, әр коллажға ат қоюлары керек. Оқулықтағы суреттер мен өз білімдеріне сүйене отырып, оқушылар «Су не үшін қажет?» деген сұраққа жауап береді.</p> <p><b>Жауаптары.</b> Су адамдар мен жануарларға ішу үшін, тамақ дайындау үшін, гигиеналық шараларды орындау үшін, киімдерді жуу, еденді тазарту, өсімдікті суару, шомылу үшін қажет. Өзендер, теңіздер мен мұхиттарда кемелер жүзеді. Суда жануарлар мен өсімдіктер тіршілік етеді. Судың көмегімен электр энергиясы өндіріледі.</p>	<p>Тақырып атауын табады.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді.</p>	«От шашу»
	<p><b>Білу және түсіну</b> Температураның өзгеруіне зат үш түрлі күйде: <b>қатты, сұйық және газ</b> күйле-рінде бола алады. Әр түрлі күйдегі заттың қасиеттері де түрліше болады.</p>  <p><b>Пішіні мен көлемін сақтау – қатты денеге тән қасиет.</b></p> <p>Сұйық күйдегі дене өзінің пішінін оңай өзгертеді, бірақ көлемін сақтайды. Сұйық құйылған ыдыс пішінін қабылдайды. Аққыштық, көлемін сақтау және пішінін оңай өзгерту - сұйыққа тән қасиет. Сұ 10 ың бұл қасиеті</p>	<p>Оқулық, мәтіндер.</p> <p><b>Оқушы</b> сұрақтарға жауап береді. Ойын</p>	«От шашу»

	<p>күрделі пішінді металл бұйымдарын жасауға пайдаланылады. Ол үшін балқыған металды, арнайы жасалған қалыптарға құйып, катырады.</p> <p>Кез келген зат тек өзіне тән қасиеттерге ие, ол қасиеттер басқа заттар мен элементтердің оған әсер етуіне байланысты болмайды.</p> <p>Сен заттардың көптеген қасиеттерімен: тусі, дәмі, иісі, агрегаттық күйімен таныстың. Бірақ заттардың адам өмірі үшін маңызды басқа да қасиеттері бар.</p> <p><b>Есінде сақта!</b></p> <p>Заттардың қасиеттері деп басқа заттардан ерекшеленетін немесе өзара ұқсастық белгілерін айтамыз.</p> <p>Заттарды қасиеттер сипаттайтын <b>физикалық және химиялық</b> деп бөлінеді.</p> <p>Табиғи және жасанды денелер де заттан тұрады. Мысалы: шеге, қайшы, көлік – темірден; доп, көліктің дөңгелегі, өшіргіш – резеңкеден; жаңбыр тамшысы-судан. Мұндағы шеге, қайшы, көлік – дене, темір-зат; доп, көліктің дөңгелегі, өшіргіш -дене, резеңке-зат, су тамшысы-дене, су-зат .</p> <p>Тірі денелер құрамы күрделі. Мысалы өсімдікте су, қант, крахмал және тағы басқа заттар бар. Адамдар мен жануарлардың денесі сан алуан заттардан тұрады.</p> <p>Кез келген дене заттан тұрады. Заттарды бір-бірінен қасиеті жағынан айыруға болады: ащы, серпімді, қатты, жұмсақ, тәтті</p>	<p>түсіндіреді.</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Суреттердегі заттарды салыстырады.</li> <li>- Заттардың түрлері туралы әңгімелейді.</li> </ul>	
<p>Сергіту сәті 2 минут</p>	<p><b>Сергіту сәті "Күміс құмған-ай"</b></p>  <p><b>Тәжірибе жасау. Дәптермен жұмыс</b></p>	<p>Оқушылар билеп сергіп қалады.</p>	<p>«Басбармақ»</p>
<p><b>Қорытындылау.</b></p>	<p>Ал, балалар бүгін сабақта не үйренгендеріңді тексеріп көрейін. Бәріміз тақтаға назар аударайық.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Заттар және олардың қасиеттері туралы не білдің?</li> <li>2. Қандай зат табиғатта үш түрлі күйде кездеседі?</li> </ol>	<p>Бүгінгі сабақта не білгенін, үйренгенін, түсінгені туралы бөліседі.</p>	<p>«От шашу»</p>

<b>СЫНЫП: 3</b>	Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспаған оқушылар саны:
<b>Сабақ негізделген оқу мақсаты</b>	Ауаның табиғаттағы орын ауыстыру процесін түсіндіру; Желдің пайдасы мен зияны туралы мысал келтіру.	
<b>Сабақ нәтижесі:</b>	<p><b>Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады:</b> Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. . Сұраққа жауап береді.</p> <p><b>Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады:</b> Жаттығулар мен тапсырмаларды орындау арқылы, жаңа тақырып бойынша дәлелдейді, қорытынды жасайды</p> <p><b>Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады:</b> Жаңа тақырып бойынша өмірден, өз байқауларынан мысалды келтіреді, ашық сурақтарға жауап бере алады</p>	
<b>Бағалау критерийі</b>	Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.	
<b>Әдіс-тәсілдер</b>	Сұрақ-жауап, әңгімелеу	
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Дүниетану, жаратылыстану	
<b>Сабақтың жоспары</b>		
<b>Жоспарланған ақыт</b>	<b>Педагогтің іс-әрекеті</b>	<b>Оқушының іс-әрекеті</b>
	 <p>Ауа қабаттарымен таныстыру</p>	<p>«От шашу»</p> <p>Тақырып атауын табады.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді.</p>
	<p><b>Білу және түсіну</b></p> <p>Жер шарын жан-жағынан ауа қабаты қоршап тұр. Ауа жер бетіндегі кез келген заттың қуысында, топырақта, суда, тіпті денемізде де болады. Ауа мөлдір әрі түссіз болады.</p> <p>Ауаның Жер бетіндегі тіршілік үшін маңызы зор. Ауасыз адам да, жануарлар да, қалықтап ұшқан құстар да тіршілік ете алмайды. Өсімдік те шықпайды. Адамдар тамақ ішпесе бес аптаға жуық, су ішпесе тес тәулік өмір сүре алады. Ал ауасыз бірнеше минутта-ақ өліп кетеді. Ауа тіршілік, тірі табиғат үшін өте қажет. Бізді қоршап тұрған ауа бізді түрлі табиғи қауіптен сақтайды. Ауа болмаса, күннен түскен қызу жер бетін күйдіріп кетер еді. Күн сәулесін ауа жан-жақты таратады. Сондықтан да бізді күн күйдіріп кетпейді.</p>	<p>Оқулық, мәтіндер.</p> <p><b>Оқушы</b> сұрақтарға жауап береді. Ойын түсіндіреді.</p>

	 <p><i>Өкпе үлкен көлемде жұмыс атқарады. Адам күніне шамамен 20-25 мың рет тыныс алатын және тыныс шығаратыны анықталған. Сонымен бірге өкпе арқылы орташа алғанда 10 мың литрдей ауа өтеді.</i></p> <p><b>Оқулықпен жұмыс. Тәжірибе жасау. Дәптермен жұмыс.</b></p>	<p><b>Дескриптор:</b> - Суреттердегі заттарды салыстырады. - Заттардың түрлері туралы әңгімелейді.</p>	<p>«Бас бармақ»</p>
<p><b>Сергіту сәті</b></p>	<p>Ауада қолмен, аяқпен, иықпен, мұрынмен сандар жазу</p>	<p>Оқушылар сергіп қалады.</p>	
<p><b>Қорытындылау.</b></p>	<p>Ал, балалар бүгін сабақта не үйренгендеріңді тексеріп көрейін. Бәріміз тақтаға назар аударайық.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ауаның қандай қасиеттерімен таныстың?</li> <li>2. Ауаның қасиеттерін анықтау үшін қандай тәжірибе жасадың?</li> <li>3. Ауа дегеніз не?</li> <li>4. Ауаны қайдан табуға болады?</li> <li>5. Ауаны қалай сезінуге болады? Мысал келтір.</li> <li>6. Ауаның тазалығын сақтау үшін не істеу керек? Мысал келтір.</li> <li>7. Ауаның космоста, биік тауда, теңіз түбінде қажеттігі туралы әңгімеле</li> <li>8. Ауа тіршілік үшін өте пайдалы. Ал ауа болмаса айнала қандай күйге түсер еді?</li> </ol>	<p>Бүгінгі сабақта не білгенін, үйренгенін, түсінгені туралы бөліседі.</p>	<p>«От шашу»</p>

<b>Сабақтың тақырыбы: Табиғаттағы су айналымы</b>		<b>Күні:</b>	
<b>СЫНЫП: 3</b>	Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспаған оқушылар саны: 0	
<b>Сабақ негізделген оқу мақсаттары</b>	Судың табиғаттағы, адам өміріндегі маңызын түсініе отырып, оны қорғауға, үнемді пайдалануға үйренеді. Оқушылардың ой - өрісі, тілі, дүниетанымы кеңейеді, өз ойларын айта алады.		
<b>Сабақ нәтижесі:</b>	<p><b>Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады:</b> Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. . Сұраққа жауап береді.</p> <p><b>Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады:</b> Жаттығулар мен тапсырмаларды орындау арқылы, жаңа тақырып бойынша дәлелдейді, қорытынды жасайды</p> <p><b>Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады:</b> Жаңа тақырып бойынша өмірден, өз байқауларынан мысалды келтіреді, ашық сұрақтарға жауап бере алады</p>		
<b>Бағалау критерийі</b>	Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.		
<b>Әдіс-тәсілдер</b>	СТО, АҚТ, топтық жұмыс, рефлексия түрлері, диалогтік оқыту және оқу, көшбасшылық және басқару, формативті бағалау, өзін-өзі бағалау.		
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Дүниетану, жаратылыстану		
<b>Сабақтың жоспары</b>			
<b>Жоспарланға уақыт</b>	<b>Педагогтің іс-әрекеті</b>	<b>Оқушы іс-әрекеті</b>	<b>Бағалау түрлері</b>
<b>Қызығушылықты ояту.</b>	<p><b>Сабақтың тақырыбын ашу:</b> Мұғалім: Мен сұйықпын да, мұзбын да, Тамшысымын жаңбырдың. Оюланған қыраумын, Жылымын да, салқынмын. Шөлдесең кеуіп кенеген, Мейіріңді қандырдым. Сыйлаймын мен тазалық, Рақат беріп денеңе, Айта қойшы бұл не?(Су) Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Су. Табиғаттағы су айналымы»</p> <p>Жер бетіндегі ең көп таралған зат-су. Жер шарының төрттен үш бөлігін су алып жатыр. Олар: мұхиттар, теңіздер, өзендер, көлдер. Табиғатта су үш күйде болады. Сұйық, қатты, және газ</p>		Оқушылар оны шешуге тырысып сұрақтар береді.
<b>Білу және түсіну</b>	 <p>Жер бетіндегі тіршілік пен сан алуан құбылыстар сумен байланысты. Сусыз жер бетінде адамдар мен жануарлар тіршілік ете алмайды, өсімдіктер өспейді. Өсімдіктер топырақтағы қоректік заттарды суда еріген ерітінді күйінде ғана сіңіре алады. Адамдар мен жануарлардың ағзасының жарты 14 н көбі судан</p>		Сұрақтарға жауап береді.
			«От шашу»

тұрады. Ол қанның, ас қорытатын сөлдің, сілекейдің құрамына кіреді. Өсімдіктердің де 80-95 пайызы судан тұрады.

Өсімдік жақсы өсу үшін судың қажет екені әркімге белгілі. Жер бетіне түскен жауын-шашын суы ең алдымен жердің өсімдік өсетін құнарлы қабатына сіңеді. Суға еріген қоректік заттарды өсімдік тамырымен тартып алады да, бізге жемісін береді.

### Глобуспен жұмыс

1. **Тапсырма.** Су күйлерін еске түсіру үшін алдымен жұмбақ шешу

1. Жылт – жылт етеді  
Жылғалардан өтеді. **(судың сұйық күйі)**
2. Өзі судан жаралған,  
Бірақ судан қорқады.  
**(мұз - судың қатты күйі)**
3. Көзге көрінгенмен,  
Ұстасақ қолға тимейді  
**(бу - газ күйі)**

### 2. Тапсырма. Топтық жұмыс

- 1- топ. «Судың қасиеті» 2-топ. «Судың өмірлік маңызы»  
3-топ. «Суды үнемдеу»

Бұл жерде қандай тұжырым жасауға болады?  
Судың тіршілік үшін маңызы өте зор. Дүние жүзі бойынша ішуге жарамды су тек 1-ақ %. Сондықтан оны үнемді пайдалану керек. Суды үнемдеуде өзің қандай үлес қосасың?

### Видео көрсету.


### 3. Тапсырма.

#### А. «Түсіндір, көрсет, дәлелде»


Табиғаттағы су айналымы тізбегін құрады.

#### Бұл жаңбыр жылға өзен теңіз булану

(Әр топтан бір бала тақтаға шығып, құрастырған тірек – сызба бойынша ойларын қорытындылап, түсіндіреді)



Ә. **Интербелсенді арқылы таныстырылымды көрсете отырып мұғалімнің түсіндірмесі.**



Б) **Сергіту сәті. (Су дыбыста азырату)**

4. Үнтаспадан тыңдай отырып 15 ы және интербелсенді

Оқулық,  
мәтіндер.

Оқушы  
сұрақтарға  
жауап  
береді.

Ойын  
түсіндіреді.

Заттардың түрлері туралы әңгімелейді.


«Бас  
бармақ»

Оқушылар



	<p>арқылы таныстырылымнан суреттерін көреді.</p> <p>Толқын, Жаңбыр, Бұлақ, Өзен, Сарқырама</p> <p>5. Дәптерлеріне бүгінгі күнді, ауа - райын бақылап, сабақтың тақырыбын және «Табиғаттағы су айналымы» тізбегін жазып алады.</p> <p>6. Оқушылар тізбектей оқиды.</p> <p><b>А) Табиғатта өтетін осы ғажайып процесті біз тәжірибе өткізіп байқап көрейік.</b></p> <p>- Не байқадыңдар? ( Су қайнады)</p> <p>- Шыны өзгердіме? ( Ия)</p> <p>- Ол не деп ойлайсындар? (Бу)</p> <p>- Дұрыс, бу шыныға қонғаннан кейін, суып, яғни мұздап, су тамшыларын байқаймыз. Олар бір-біріне қосылып, ұлғая бастайды. Салмағы ауырлаған тамшылар төмен ағып кетеді. Міне, балалар, осы тәжірибе арқылы табиғаттағы су айналымының кіші моделін жасадық.</p> <p><b>Ә) Географиялық картамен жұмыс</b></p> <p>«Мен көрсетемін, сен атауын жаз»</p> <p>а. Мынау – қай теңіз? (Каспий)</p> <p>б. Мынау – қай өзен? (Есіл)</p> <p>в. Мынау – қай көл? (Балқаш)</p> <p><b>Дәптермен жұмыс.</b></p>	<p>қадағалап отырады.</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <p>- Суреттер дегі заттарды салыстырады.</p>	<p>«От шашу»</p>
<p><b>Сергіту сәті</b></p> <p><b>2 минут</b></p>	<p>Күн және түн ойнын ойнау»музыка қосылғанда билеп, тоқтағанда қозғалмай тұрып қалу керек</p>		<p>Оқушылар сергіп қалады.</p>
<p><b>Қорытындылау.</b></p>	<p>Ал, балалар бүгін сабақта не үйренгендеріңді тексеріп көрейін. Бәріміз тақтаға назар аударайық.</p> <p>1. «Су -тіршілік көзі» тақырыбында өлең шығарып көр</p> <p>2. «Судың да сұрауы бар» деген сөзді қалай түсінесің?</p>	<p>Сабақта не білгенін, үйренгенін, түсінгені туралы бөліседі.</p>	<p>«От шашу»</p>

7-сабақ. Сабақтың тақырыбы: <b>Пайдалы қазбалар және олардың түрлері</b>		Мұғалімнің аты-жөні: Күні:	
<b>СЫНЫП: 3</b>	Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспаған оқушылар саны:	
<b>Сабақ негізделген оқу мақсаттары</b>	Оқушыларды пайдалы қазбалар және олардың түрлері, қазыналы жерлермен таныстыру.		
<b>Сабақ нәтижесі:</b>	<p><b>Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады:</b> Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. . Сұраққа жауап береді.</p> <p><b>Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады:</b> Жаттығулар мен тапсырмаларды орындау арқылы, жаңа тақырып бойынша дәлелдейді, қорытынды жасайды</p> <p><b>Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады:</b> Жаңа тақырып бойынша өмірден, өз байқауларынан мысалды келтіреді, ашық сұрақтарға жауап бере алады</p>		
<b>Бағалау критерийі</b>	Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.		
<b>Әдіс-тәсілдер</b>	Сұрақ-жауап, әңгімелеу		
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Дүниетану, жаратылыстану		
<b>Сабақтың жоспары</b>			
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Педагогтің іс-әрекеті</b>	<b>Оқушының іс-әрекеті</b>	<b>Бағалау түрлері</b>
<p><b>Білу және түсіну</b></p> <p>Жердің қатты қабатын – жер қыртысы дейді. Ол көптеген тау жыныстарынан тұрады. Қазақ жері қазыналы. Тау жыныстары тауларда да, жазықта да, құрлықтарда да, сонымен қатар теңіздер мен мұхиттардың түбінде де таралады.</p> <p>Жер қыртысын толтырып жатқан денелер <b>тау жыныстары</b> деп аталады.</p> <p>Жерден қазып алынып, адам қажетіне жұмсалатын тау жыныстары <b>пайдалы қазбалар</b> деп аталады.</p> <p>Қазақ жерінің қазынасына тау жыныстары жатады. Тау жыныстары тауларда да, жазықта да, құрлықтарда да, сонымен қатар теңіздер мен мұхиттардың түбінде де таралады.</p> <p>Табиғатта көбінесе қатты күйдегі тау жыныстары таралған. Сонымен бірге олар сұйық, газ түрінде де кездеседі.</p> <p>Пайдалы қазбалардың түрлері өте көп. Олардың қолданылуына қарай негізгі үш топқа бөлінеді.</p> <div style="text-align: center;"> <pre> graph TD     A[Пайдалы қазбалар] --&gt; B[Жанғыш пайдалы қазбалар]     A --&gt; C[Кенді пайдалы қазбалар]     A --&gt; D[Кенге жатпайтын пайдалы қазбалар] </pre> </div> <p>Жерден қазып алынып, адам қажетіне жұмсалатын тау жыныстары пайдалы қазбалар деп аталады. Олардың жанғыш, кенді және кенге жатпайтын түрлері бар.</p>	<p>Жерден қазып алынып, адам қажетіне жұмсалатын тау жыныстары пайдалы қазбалар деп аталады.</p>	<p>Оқулық, мәтіндер.</p>	<p>«От пашу»</p>

<p>құрамында металл бар түрі және құрамында металы жоқ түрі бар.Пайдалы қазбалардың жер қойнауындағы қоры шексіз емес.Сондықтан пайдалы қазбаларды қорғаудың үлкен мәні бар.Пайдалы қазбаларды қорғауға сен де үлесіңді қос.</p>	 <p>Көмір                      мұнай                      табиғи газ                      Алюминий</p>		
<p><b>Сергіту сәті</b> <b>2 минут</b></p>	<p>Күн және түн ойнын ойнау»музыка қосылғанда билеп, тоқтағанда қозғалмай тұрып қалу керек.</p> <p><b>Тәжірибе жасау.</b> <b>Дәптермен жұмыс.</b></p>	<p>Тәжірибе жасайды.</p> <p>Дәптермен жұмыс.</p>	<p>Оқушылар сергіп қалады. «Бас бармақ»</p>
<p><b>Қорытындылау.</b></p>	<p>Ал, балалар бүгін сабақта не үйренгендеріңді тексеріп көрейін. Бәріміз тақтаға назар аударайық.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.Пайдалы қазбаларды не үшін ұқыпты жұмсау керек?</li> <li>2.Пайдалы қазбаларды қорғау үшін не істеу керек?</li> <li>3. Адам пайдалы қазбаларды қолданбай өмір сүруі мүмкін бе? Неге?</li> <li>4. Ас тұзы өндірілетін көлдерді сен білесің бе? Оны өзің картадан іздестіріп көр.</li> <li>5. Пайдалы қазбаларды не үшін тиімді пайдалану керек?</li> <li>6. Пайдалы қазбаларды қорғау үшін не істеу керек?</li> <li>7. Металл бұйымдарының орнына пластмассаларды пайдалануға байланысты бірнеше мысалдар келтір.</li> </ol>	<p>Бүгінгі сабақта не білгенін, үйренгенін, түсінгені туралы бөліседі.</p>	<p>«От шашу»</p>

**1-БӨЛІМ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ Г'А АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР**  
**«Бізді қоршаған орта» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау**  
**БӨЛІМШЕ**

1. Табиғи және жасанды денелер
2. Заттардың қасиеті
3. Табиғи құбылыс
4. Денелер мен заттарды салыстыру
5. Ауа және оның қасиеті
6. Табиғаттағы су айналымы
7. Пайдалы қазбалар және олардың түрлері

**ОҚУ МАҚСАТЫ**

- Оқушылардың денелер мен заттар туралы білімдерін кеңейтіп, денелердің табиғи және жасанды болатыны туралы түсініктерін кеңейту.
- Заттарды бір-бірінен қасиеті жағынан айыра білу.
- Дене, зат және табиғи құбылыстардың өзгеруі кезіндегі өзара байланысты анықтауды үйреніп, адам ауа райы оны болжау туралы, заттар мен денелер туралы ұғымын кеңейту.
- Экологияны қорғаудың маңыздылығын түсіну;

**БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙІ**

- Білім алушы
- Қоршаған ортамыздың тіршілік көзі екенін анықтайды;
  - Заттар мен денелерді ажыратады;
  - Табиғат құбылыстарын ажырата алады;

**ОРЫНДАУ УАҚЫТЫ**

20 мин

**1-тапсырма. Сұраққа жауап бер**

1. Судың, ауаның пайдасы мен зияны туралы жаз.

1) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

2) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

2. Еліміздегі пайдалы қазбалар түрлерін жаз.

1) \_\_\_\_\_

2) \_\_\_\_\_

3) \_\_\_\_\_


**2-тапсырма. Табиғи және жасанды денелерді сәйкестендір**



**Табиғи денелер**






**Жасанды денелер**

3-тапсырма. Табиғаттағы су айналымы тур 19 қаз.



Суға байланысты тиым сөздерді жаз.

		<b>Дескриптор</b>	
		<i>Білім алушы</i>	
		судың пайдасымен зиянын анықтайды;	1
		ауаның пайдасымен зиянын анықтайды	1
		Пайдалы қазбалардың түрлерін жазады	
		1.	1
		2.	1
		3.	1
		Табиғи және жасанды денелерді сәйкестендіре алады	
		темір	1
		ағаш	1
		су	1
		резеңке	1
		Табиғаттағы су айналымы туралы толық жаза алады	4
		Суға байланысты тиым сөздерді жаз.	1
<b>Барлығы</b>			<b>14</b>

<b>9-сабақ.</b> <b>Сабақтың тақырыбы: Өсімдіктер тіршілік ететін орта</b>		<b>Мұғалімнің аты-жөні:</b> <b>Күні:</b>	
<b>СЫНЫП: 3</b>	Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспаған оқушылар саны:	
<b>Сабақ негізделген оқу мақсаттары</b>	Оқушыларды өсімдіктер әлемінің алуан түрлілігімен, тіршілік ететін ортасымен таныстыру.		
<b>Сабақ нәтижесі:</b>	<p><b>Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады:</b> Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. . Сұраққа жауап береді.</p> <p><b>Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады:</b> Жаттығулар мен тапсырмаларды орындау арқылы, жаңа тақырып бойынша дәлелдейді, қорытынды жасайды</p> <p><b>Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады:</b> Жаңа тақырып бойынша өмірден, өз байқауларынан мысалды келтіреді, ашық сурақтарға жауап бере алады</p>		
<b>Бағалау критерийі</b>	Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.		
<b>Әдіс-тәсілдер</b>	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, тәжірибе жасау.		
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Дүниетану, жаратылыстану		
<b>Сабақтың жоспары</b>			
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Педагогтің іс-әрекеті</b>	<b>Оқушының іс-әрекеті</b>	<b>Бағалау түрлері</b>
	<p><b>Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Аялы алақан»</b> Мақсаты: жылылық, сенімділік деңгейін, еркіндікті дамыту. Нұсқаулық: қатысушылар шеңбер болып отырады. «Бүгінгі сабақтан не алғыңыз, не көргіңіз келеді?» — сұрағын оқушыларға қойып, сұрақтарға жауап алу. Бастапқы қатысушы жанындағы көршісінің қолын ұстайды. Тренинг шеңбер бойымен жалғасады. (Тренинг соңында қатысушылар дөңгеленіп қолдарын ұстайды)</p> <p>Қазақстан көркем табиғатымен, табиғи байлығымен ерекше көзге түседі.</p> <p>Республикамыздың әрбір өңірінде сол ортаға бейімделген өсімдіктер өседі. Ең ыстық шөлді өлкелерінде күріш өседі. Ал шөлді аумақты көркейтіп, ақ күрішті жайқалтып отырған Сырдың суы. Мол су, құнарлы топырақ, жеткілікті ыстық күріш егуге өте қолайлы.</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;"> <div style="text-align: center;">  <p>Беде</p> </div> <div style="text-align: center;"> <p><b>Сусарғалдақ</b></p>  <p>Бақбақ</p> </div> </div> <div style="text-align: center; margin-top: 20px;">  </div>	<p>Оқушылар қорапшадан өздеріне ұнайтын түске сай маркерлер алады.</p> <p><b>«Аялы алақан» әдісі</b></p> <div style="text-align: center; margin-top: 20px;">  </div> <p><b>сүттіген</b></p> <div style="text-align: center; margin-top: 20px;">  <p>асқабақ</p> </div>	



Сұлы



Арпа



Жүгері

Көп өсімдіктер топырақтың ылғалды болуын қажет етеді. Суреттегі беде, бақбақ ылғалы жеткілікті топырақта өседі. Жантақ, сүттіген – құрғақшылыққа төзімді өсімдіктер. Адам қолынан өсіретін мақта, асқабақ, күріш, жүгері жылу сүйгіш өсімдіктер. Өзімізге жақсы таныс бидай, сұлы, арпа сияқты өсімдіктер суыққа төзімді болады.



**Білу және түсіну**

**Берілген мәтіндерді балалар оқып алады.**

Жер бетінде өсімдіктердің көптеген түрлері өседі. Ғалымдардың есептеуі бойынша, біздің елімізде бес мыңнан астам түрі өседі.

Кез келген өсімдік белгілі бір ортада: суда немесе құрлықта тіршілік етеді. Өсімдіктер әртүрлі орта жағдайында қарай : ылғал сүйгіш(жапырақтары жалпақ, ылғалды буландыруға жақсы бейімделген), құрғақшылыққа төзімді(жапырақтары ұсақ, әрі сирек, бұтақшалары тікенді келеді) жылу сүйгіш, суыққа төзімді, жарық сүйгіш, көлеңкеге төзімді өсімдіктер болып бөлінеді.

Оқулық, мәтіндер.

**Сергіту сәті  
2 минут**



**Қара жорға биін билеу**

**Тәжірибе жасау.**

**Дәптермен жұмыс.**

Оқушылар сергіп қалады.

«Бас бармақ»



**Қорытынды лау.**

Ал, балалар бүгін сабақта не үйренгендеріңді тексеріп көрейін. Бәріміз тақтаға назар аударайық.

1. Өсімдіктердің өсетін орта жағдайының айырмашылығын айт
2. Суретте қандай өсімдіктер көрсетілген?
3. Өсімдіктердің өсетін орта жағдайының айырмашылығын айт.
4. Өсімдікті қорғау жөнінде экологияға қандай көмегінді тигізуге болады?
5. Оларды қалай қорғайсың? Әңгімелеп айт.



Бүгінгі сабақта не білгенін, үйренгенін, түсінгені туралы бөліседі.


«От шашу»

<b>10- сабақ.</b> <b>Сабақтың тақырыбы: Өсімдіктің адам өміріне пайдасы</b>		<b>Мұғалімнің аты-жөні:</b> <b>Күні:</b>	
<b>СЫНЫП: 3</b>	Қатысқан оқушылар саны: 22	Қатыспаған оқушылар саны: 0	
<b>Сабақ негізделген оқу мақсаттары</b>	Оқушыларға өсімдіктің адам өміріне пайдасы мен алатын орны туралы мағлұмат беріп, «Жер ана» ұғымының құндылық ретіндегі мәнін ашу		
<b>Сабақ нәтижесі:</b>	<p><b>Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады:</b> Өсімдіктің қоршаған ортаға қалай бейімделетінін түсінеді</p> <p><b>Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады:</b> Мұғалімнің көмегімен судың өсімдікке әсерін айтып, мысал келтіре алады</p> <p><b>Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады:</b> Өсімдіктің қоршаған ортаға қалай бейімделуіне берілген тапсырмаларды өзбетінше орындайды.</p>		
<b>Бағалау критерийі</b>	Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.		
<b>Әдіс-тәсілдер</b>	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, тәжірибе жасау.		
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Дүниетану, жаратылыстану.		
<b>Сабақтың жоспары</b>			
<b>Жоспарлан ғануақыт</b>	<b>Педагогтің іс-әрекеті</b>	<b>Оқушының іс-әрекеті</b>	<b>Бағалау түрлері</b>
	<p><b>Психологиялық ахуал қалыптастыру.</b></p> <p>Тыным бақтардағы әсем де, әдемі өсімдіктер адамзатты жарқын көңіл күйге бөлейді. Жасыл өсімдіктер суды буландыру арқылы ауаны ылғалдандырады.</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around;"> <div style="text-align: center;">  <p><b>Алоэ</b> Халық медицинасында Алоэ жапырағын: қызыл иектің, қабақтың қызаруына, өкпе және асқазан ауруын емдеуге пайдаланады.</p> </div> <div style="text-align: center;">  <p><b>Итмұрын</b> Медицинада итмұрынды дәрілік өсімдік ретінде пайдаланады. Итмұрыннан тосап жасайды. Жемісін кептіріп, қыста тұмауға қарсы қайнатып ішеді.</p> </div> </div> <p>Өсімдіктің адам өміріне пайдасы.</p>	<p>Оқушылар қорапшадан өздеріне ұнайтын түске сай маркерлер алады.</p> <p>«Аялы алақан» әдісі</p>	
	<p><b>Білу және түсіну</b></p> <p>Біздің айналамызды табиғат қоршап тұр. Адам өзі де сол табиғаттың бір бөлшегі саналады. Адам табиғатсыз өмір</p>	Оқулық, мәтіндер.	«От шашу»



	<p>сүре алмайды. Табиғат адамды қоректендіреді, емдейді және киіндіреді.</p> <p>Ертедегі адамдар табиғаттың берген сыйын жеміс-жидек теріп, аң аулап өмір сүрген. Уақыт өте адамдар өсімдікті қолдан өсіруді, жабайы жануарларды қолға асырауды үйренді.</p> <p><b>Өсімдік</b> – табиғат қазынасы, халь 23 лығы. Өсімдіксіз жер бетінде тіршілік жоқ. Өсімдік– өмір өзегі деп бекер айтылмаған, олардың саялы да, аялы жапырақтары көмірқышқыл газын өздеріне сіңіріп, сыртқа оттегі бөліп шығарады. Өсімдіктер айналадағы ауаны жақсартады: ауа райын салқындатып, қатты желге тосқауыл болады. Өсімдік адамның денсаулығын нығайтып, бойына күш береді. Тыным бақтардағы әсем де, әдемі өсімдіктер адамзатты жарқын көңіл күйге бөлейді. Жасыл өсімдіктер суды буландыру арқылы ауаны ылғалдандырады.</p> <p>Адам баласы көп жылғы өмірлік тәжірибесінің арқасында жабайы өсімдіктерден тұқым алып, 20 мыңнан астам өсімдіктерді қолдан өсіріп, қазіргі кезде олар адамның игілігіне айналууда. Адам өмірінің арашасы болып, қоғамдағы адам өмірінде кездесетін ауруларды емдеуге дәрілік өсімдіктердің алатын маңызы зор.</p> <p>Қорытынды жасар болсақ, адамға қажетті азық-түлікті біз өсімдіктер мен жануарлардан аламыз. Адам күнделікті тұрмысына әртүрлі дүниелер керек болады. Оларды жасауға қажетті материалдар датабиғаттан алынады.</p>		
<p><b>Сергіту сәті</b> <b>2 минут</b></p>	<p>Орнымыздан тұрып ап Жүгірейік бір уақ. Бір, екі, үш, бір, екі, үш. <b>Тәжірибе жасау.</b> <b>Дәптермен жұмыс.</b></p>	<p>Оқушылар сергіп қалады.</p>	<p>Оқушылар сергіп қалады. «Бас бармақ»</p>
<p><b>Қорытындылау.</b></p>	<p>Ал, балалар бүгін сабақта не үйренгендеріңді тексеріп көрейін. Бәріміз тақтаға назар аударайық.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Өсімдіктің тірі ағза екенін қалай дәлелдеуге болады?</li> <li>2. Табиғатта өсімдіктер қалай өседі?</li> <li>3. Өсімдіктің тамырларының ұзын, қысқа болуының себебі не?</li> <li>4. Өсімдіктің тамыры қандай қызмет атқарады?</li> <li>5. Бөлме өсімдіктеріне қандай өсімдіктер жатады?</li> <li>6. Олар адамға қандай пайда әкеледі?</li> <li>7. Бөлме өсімдіктерінің жапырақтарын неге сүртеді?</li> </ol> <p>Әңгімелеп айт</p>	<p>Бүгінгі сабақта не білгенін, үйренгенін, түсінгенін туралы бөліседі.</p>	<p>«От шашу»</p>

<b>11 сабақ</b> <b>Сабақтың тақырыбы:</b> Қызыл кітапқа енген өсімдіктер		<b>Мұғалімнің аты-жөні:</b> <b>Күні:</b>	
<b>СЫНЫП: 3</b>	Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспаған оқушылар саны:	
<b>Сабақ негізделген оқу мақсаттары</b>	Қазақстан Республикасындағы «Қызыл кітапқа» енген өсімдіктер түрлерімен таныстырып, түсініктерін қалыптастыру, өсімдіктерді қорғау жолдарын ұсыну.		
<b>Сабақ нәтижесі:</b>	<p><b>Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады:</b> Өсімдіктердің қамқорлыққа мұқтаж екенін түсінеді.</p> <p><b>Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады:</b> Мұғалімнің көмегімен қамқорлыққа мұқтаж өсімдік туралы білді.</p> <p><b>Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады:</b> Өсімдіктің қандай қамқорлыққа мұқтаж екеніне берілген тапсырмаларды өзбетінше орындайды.</p>		
<b>Бағалау критерийі</b>	Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.		
<b>Әдіс-тәсілдер</b>	Сұрақ-жауап, әңгімелеу.		
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Дүниетану, жаратылыстану		
<b>Сабақтың жоспары</b>			
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Педагогтің іс-әрекеті</b>	<b>Оқушының іс-әрекеті</b>	<b>Бағалау түрлері</b>
	<p><b>Психологиялық ахуал қалыптастыру.</b> Ерекше қорғауды қажет ететін өсімдіктер Қазақстанның «Қызыл кітабына» енді.</p> 	Оқушылар қорапшадан өздеріне ұнайтын түске сай маркерлер алады. «Аялы алақан» әдісі	«Бас бармақ»
	<p><b>Білу және түсіну</b> <b>Қызыл кітапқа тіркелген өсімдіктер тізімі — Қазақстан</b> өсімдіктер әлемінің асыл қазынасы - <b>Қызыл кітапқа</b> енгізілген өсімдіктер жайлы төменгі кесте ұсынылған. 140 түрдің таралуы, олардың қорғау мен мәдени түрде өсірілуі жайлы мәліметтер берілген.</p> 	Оқулық, мәтіндер.	Оқулық, мәтіндер.

	<p>Өткен ғасырдың 60 - шы жылдарында адамзат алдында өсімдіктер әлемінің қорғауға тікелей кірісу туралы мәселе туындады. Дүние жүзі көлемі және жекелеген мемлекеттер ішінде жануарлар мен өсімдіктерді қорғау туралы комиссиялар құрылып, сирек кездесетін және құрып бара жатқан түрлер тізімі жа 25 і.</p> <p>Қызыл кітап - бұл қауіп - қатер дабылы. Түрдің бұл кітапқа енгізілуі, оған ерекше көңіл бөлу керек екендігін білдіреді, көбіне арнайы қорғау шаралары қажет, әйтпесе түрдің мүлдем жоғалып кетуі мүмкін. Қазақстан үкіметі 1978 жылдың қаңтарында Қызыл кітапты құру туралы қаулы шығарды. Мүк, қына, санырауқұлақтарды қосқанда, құрамында 300 түрден аса өсімдіктер бар кітап, 1981 жылы академик Б.А.Быковтың жетекшілігімен жарық көрді.</p> <p>Өсімдіктер әлемін қорғау, шаруашылық мақсаты үшін кесілген ағаштардың орнына жас шыбықтар отырғызу, көшелер мен үйдің жанын көгалдандыру, ластанған ауаны, суды тазартып, одан әрі ластануды болдырмау сияқты жұмыстар жүргізіліп жатыр.</p>		
<p><b>Сергіту сәті</b> <b>2 минут</b></p>	 <p><b>Қара жорға биін билеу</b></p>	<p>Оқушылар сергіп қалады.</p>	<p>Оқушылар сергіп қалады.</p>
<p><b>Қорытындылау.</b></p>	<p>Ал, балалар бүгін сабақта не үйренгендеріңді тексеріп көрейін. Бәріміз тақтаға назар аударайық.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Өсімдіктерді қорғау жөнінде өз ойыңды айт</li> <li>2. Дәрілік өсімдіктер туралы не білесің?</li> <li>3. Өсімдіктерді қорғау жөнінде өз ойыңды жазып, әңгіме дайында.</li> <li>4. Өсімдіктердің Қызыл кітабы жөнінде не айтуға болады?</li> <li>5. Біздің елімізде өсімдіктер қалай қорғалады?</li> <li>6. Кейбір өсімдіктердің құрып кету себебін түсіндір. Әңгімелеп айт.</li> </ol>	<p>Бүгінгі сабақта не білгенін, үйренгенін, түсінгені туралы бөліседі.</p>	<p>«От шашу»</p>

12- сабақ. Нәтиже сабақ.

## 2-БӨЛІМ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР «Өсімдіктер дүниесі» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау БӨЛІМШЕ

1. Өсімдіктер тіршілік ететін орта.
2. Өсімдіктің адам өміріне пайдасы.
3. Қызыл кітапқа енген өсімдіктер.

### ОҚУ МАҚСАТЫ

- Өсімдіктердің тіршілік ететін ортасын анықтау;
- Өсімдіктің адам өміріне пайдасы туралы білу;
- Өсімдіктерді қорғау керек екенін түсіну;

### БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙІ

Білім алушы

- Өсімдіктердің тіршілік ететін ортасын анықтайды;
- Өсімдіктің адам өміріне пайдасын біледі;
- Өсімдіктерді қорғау керек екенін түсінеді;

### ОРЫНДАУ УАҚЫТЫ

20 мин

### 1-тапсырма. Мәтінге сүйене отырып, жауабын жаз.

Кез келген өсімдік белгілі бір ортада: суда немесе құрлықта тіршілік етеді. Өсімдіктер әртүрлі орта жағдайында қарай : ылғал сүйгіш, құрғақшылыққа төзімді, жылу сүйгіш, суыққа төзімді, жарық сүйгіш, көлеңкеге төзімді өсімдіктер болып бөлінеді.

Республикамыздың әрбір өңірінде сол ортаға бейімделген өсімдіктер өседі. Ең ыстық шөлді өлкелерінде күріш өседі.

Көп өсімдіктер топырақтың ылғалды болуын қажет етеді. Беде, бақбақ ылғалы жеткілікті топырақта өседі. Жантақ, сүттіген – құрғақшылыққа төзімді өсімдіктер. Адам қолынан өсіретін мақта, асқабақ, күріш, жүгері жылу сүйгіш өсімдіктер. Өзімізге жақсы таныс бидай, сұлы, арпа сияқты өсімдіктер суыққа төзімді болады.

1. Шөлді өлкеде өседі \_\_\_\_\_
2. Жылу сүйгіш өсімдіктер: \_\_\_\_\_
3. Суыққа төзімді өсімдіктер: \_\_\_\_\_

### 2-тапсырма. Өсімдіктің адам өміріне пайдасы туралы жаз.

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

### 3-тапсырма.

- 1) «Өсімдікті қорғаймын» тақырыбына 4 жолды өлең құрастыру

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

2) Өсімдікті қорғау жөнінде өз ойыңды жаз.

27



Грейг қызғалдағы



Көктемдік жанаргүл



Сібір қандығы







Ақ тұңғиық


Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Өсімдіктер тіршілік ететін ортасын анықтайды;	1	Мәтінге сүйене отырып, жауабын жазады	
		1-мысал	1
		2- мысал	1
Өсімдіктің адам өміріне пайдасы туралы жазады;	2	3- мысал	1
		Өсімдіктің адам өміріне пайдасы туралы жазады	
		1-мысал	1
Өсімдіктерді қорғау ке рекенін түсінеді	3	2-мысал	1
		Өлеңді құрастырады	1
		Өлеңді жүйелі құрастырады	1
		Өсімдікті қорғау жөнінде өз ойын жеткізеді	1
<b>Барлығы</b>			<b>8</b>


28

<b>13- сабақ.</b>		<b>Мұғалімнің аты-жөні:</b> <b>Күні:</b>
